



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

Қазақстан Республикасының төлем балансы және сыртқы борышы

2019 жылғы 9 айдағы

Қаңтар 2020

Бұл жарияланымды Төлем балансы департаменті дайындады. Жарияланымда Қазақстан Республикасының сыртқы секторының дамуындағы соңғы үрдістер көрсетіледі және елдің төлем балансына, халықаралық инвестициялық позициясына және сыртқы борышына байланысты статистикалық есептер, сондай-ақ осы есептерге талдамалық түсініктемелер берілген. Статистикалық есептер жан-жақты жасалған талдамалық кестелермен, сыртқы сектордың статистикасын жасау әдіснамасын және оны жасауға арналған ақпарат көздерін сипаттаумен толықтырылған. Жеке статистикалық қосымшалармен инвестициялардың түрлері бойынша халықаралық инвестициялардың қорлары мен ағындарының құрылымы берілген. Жарияланымның кезеңділігі тоқсан сайын – басылым ақпан, мамыр, тамыз және қараша айларында шығады. Үш тілде: қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде шығарылады.

Статистикалық деректер әдіснамасы өзгерген және (немесе) сыртқы экономикалық операциялар туралы қосымша ақпарат алған кезде бұрын жарияланған тарихи деректер қатары түзетілуі мүмкін. Регламентке сәйкес Қазақстан Республикасы сыртқы секторының статистикалық деректерін қайта қарау жылына екі рет – жарты жылдық және жылдық төлем балансы, халықаралық инвестициялық позиция және сыртқы борыш жөніндегі есептерді жасау кезінде жүзеге асырылады және есепті жылдың алдындағы екі жылды қамтиды. Жаңартылған деректер жыл сайын мамырда және қарашада жарияланады.

Деректерді нақтылаудың негізгі көзі есептерді жасау кезінде қосымша түскен ақпаратты алу - валюталық операциялар туралы хабарлау және тіркеу шеңберінде алынған деректер, төлем балансы жөніндегі статистикалық есепті қоспағанда, басқа ақпарат көздерінен алынған деректермен салыстырған кезде статистикалық сәйкессіздіктерді анықтау, сондай-ақ ресми сауда статистикасының деректерін нақтылау болып табылады.

Осы жарияланымда келтірілген кестелердегі жекелеген жағдайларда деректерді дөңгелектеу салдарынан қорытындылар және қосылатын сома арасындағы соңғы разрядта шамалы айырмашылықтар болуы ықтимал.

Осы жарияланымға арналған статистикалық деректерді қалыптастыру күні - 2019 жылғы 31 желтоқсан. 2017-2018 жылдардағы деректерді соңғы жаңарту күні - 2019 жылғы 30 қыркүйек.

Ұсынылған статистикалық деректер бойынша қосымша ақпаратты Төлем балансы департаментінен алуға болады

мекен-жайы: 050040, Алматы қаласы, Көктем-3 ш/а, 21-үй

телефондары: (727) 270-46-40 (төлем балансы)

(727) 270-49-38 (халықаралық инвестициялық позиция және сыртқы борыш)

электрондық пошта: akbota.mukhamediyeva@nationalbank.kz

Төлем балансы, халықаралық инвестициялық позиция және сыртқы борыш жөніндегі стандартты және талдамалы түрде көрсетілген статистикалық есептерді, сондай-ақ осы есептерді жасауға арналған әдіснамалық түсініктемелерді Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің <http://www.nationalbank.kz> веб-сайтынан алуға болады. Көрсетілген статистикалық есеп ҚҰБ-нің веб-сайтына есептік кезең аяқталғаннан кейін 90-шы күні қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде орналастырылады.

Мазмұны

Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 9 айдағы төлем балансы	5
<i>Төлем балансына қосымшалар:</i>	
1. Қазақстан Республикасының төлем балансы: талдамалық ұсыным.....	13
2. Қазақстан Республикасының төлем балансы: резиденттердің экономикалық секторлары бойынша.....	14
3. Қазақстан Республикасының төлем балансы стандарттық ұсыным, негізгі баптар.....	15
4. Қазақстан Республикасының төлем балансы: стандарттық ұсыным	16
5. Қазақстан Республикасының төлем балансы: абсолютті және салыстырмалы өлшемдер.....	24
I қосымша. Төлем балансына талдау қосымшалары	
I.1. Сыртқы сауда және сауда балансы.....	26
I.2. Халықаралық қызметтер балансы.....	30
I.3. 2018 жылғы және 2019 жылғы 9 айдағы Қазақстан Республикасының сыртқы сауда айналымы	33
I.4. Ресми статистика деректері бойынша экспорттың және импорттың құрылымы.....	34
I.5. Ресми статистика деректері бойынша жекелеген тауарлардың экспорты бойынша бағаны және сандық жеткізулерді талдау.....	35
I.6. Қазақстан Республикасының ресми статистика деректері бойынша сыртқы сауданың географиялық құрылымы..	36
I.7. 2018-2019 жж. 9 айдағы бойынша кеңейтілген жіктеу бойынша Қазақстан Республикасы халықаралық қызмет балансы	37
I.8. Қызметтердің сыртқы саудасының географиялық құрылымы.....	40
I.9. Бастапқы кірістер балансы	41
I.10. Қайталама кірістер балансы	42
I.11. 2018-2019 жылдардағы 9 айдағы жеке трансферттер (жеке тұлғалардың ақша аударымдары)	43
I.12. Қаржы шотының ағындары (талдамалық ұсыну)	44
I.13. Қысқа мерзімді капитал ағындары	45
I.14. Жеке сектордың капиталды таза әкелуі/әкетуі	46
Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша халықаралық инвестициялық позициясы	47
<i>Халықаралық инвестициялық позицияға қосымшалар:</i>	
1. Қазақстанның халықаралық инвестициялық позициясы: стандарттық ұсыным	52
2. Резиденттердің экономика секторлары бойынша халықаралық инвестициялық позициясы	60
3. 2019 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша Қазақстандық банктердің резидент еместерге берген кредиттері бойынша берешек	62
4. Қазақстанның резиденттердің экономикалық қызмет түрлері бойынша халықаралық инвестициялық позициясы	63
5. Қазақстанның елдер бойынша халықаралық инвестициялық позициясы	65
6. Қазақстан резиденттерінің олардың экономикалық қызмет түрлері бойынша және негізгі елдер бойынша сыртқы міндеттемелері	70
II қосымша. Салым бағыты бойынша тікелей инвестициялар	
II.1. Салым бағыты бойынша тікелей инвестициялар: кезең соңындағы позиция.....	74
II.2. Салым бағыты бойынша тікелей инвестициялар: кезеңдегі ағындар	76
II.3. Салым бағыты бойынша тікелей инвестициялар: кезеңдегі кірістер.....	78

II.4. Қазақстанға шетел тікелей инвесторлардан әкелінген тікелей инвестициялардың резиденттердің экономикалық қызмет түрлері бойынша жалпы ағыны.....	80
II.5. Қазақстанға шетел тікелей инвесторлардан әкелінген тікелей инвестициялардың елдер бойынша жалпы ағыны	82
II.6. Қазақстандық тікелей инвесторлардан әкетілген тікелей инвестициялардың резиденттердің экономикалық қызмет түрлері бойынша жалпы ағыны	85
II.7. Қазақстандық тікелей инвесторлардан әкетілген тікелей инвестициялардың елдер бойынша жалпы ағыны	87
Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 1 қазандағы сыртқы борышы	89
<i>Сыртқы борышқа қосымшалар:</i>	
1. Сыртқы борыш: стандарттық ұсыным	91
2. Сыртқы борыш: абсолютті және салыстырмалы өлшемдер	93
3. 2019 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша жалпы сыртқы борышқа (ЖСБ) қызмет көрсету бойынша төлемдердің кестесі.....	94
4. Сыртқы борыштың жағдайы: қалған өтеу мерзімі бойынша қысқа мерзімді борыш, секторлар бойынша	95
5. Сыртқы борыштың жағдайы: ұлттық және шетел валютасындағы сыртқы борыш.....	97
6. Сыртқы борыштың жағдайы: шетел валютасындағы сыртқы борыш	98
7. Сыртқы борыштың жағдайы: Резиденттер шығарған және резидент еместерге тиесілі борыштық бағалы қағаздар, эмиссия орны бойынша.....	99
8. Елдер бойынша сыртқы борыш	100
9. Резиденттердің қызмет түрлері бойынша сыртқы борыш.....	102
10. Кеңейтілген айқындаудағы мемлекеттік сектордың сыртқы борышы.....	104
11. Кредитор және заем алушы секторлары бойынша сыртқы борыш.....	105
12. Сыйақы мөлшерлемелері бойынша сыртқы борыш	106
13. Сыртқы борыштың жағдайы: Ағындар мен қорларды келістіру	107
III қосымша. Статистикалық әдіснама	
III.1. Төлем балансына және халықаралық инвестициялық позицияға әдіснамалық түсіндірме	108
III.2. Қазақстанның төлем балансын және халықаралық инвестициялық позициясын жасаудың ақпараттық базасы	114
III.3. Төлем балансының талдау индекстері мен бағалау көрсеткіштерін есептеу әдістемелері	121
III.4. Сыртқы сектор статистикасының жаңа әдіснамаға көшуі туралы	125
III.5. Қазақстан Республикасының сыртқы борыш көрсеткіштерінің халықаралық инвестициялық позициясының баптарына сәйкестігі	127

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 2019 жылғы 9 айдағы ТӨЛЕМ БАЛАНСЫ

Төлем балансында белгіленген уақыт кезеңі үшін әлемдегі қалған елдермен елдің экономикалық операциялары (резиденттер және бейрезиденттер) жиынтық түрде көрсетіледі. Төлем балансының деректері нақты және қаржы ресурстарының барлық түрлерімен сыртқы экономикалық қатынастар динамикасында сипатталатын ағындардың экономикалық санатын білдіреді. Төлем балансында халықаралық операцияларды жүргізуге байланысты емес қаржы активтері мен қаржы міндеттемелері құнының өзгерістері көрсетілмейді.


Ағымдағы операциялар шоты

2019 жылғы 9 айда **ағымдағы операциялар шотының** дефициті 4,3 млрд АҚШ долларын (бұдан әрі – доллар) құрады, 2018 жылғы 9 айда ағымдағы шот дефициті 1,8 млрд АҚШ доллары болды. Ағымдағы шот дефициті энергия тасымалдағыштардың әлемдік баға конъюнктурасының нашарлауы аясында сауда балансы профицитінің төмендеуіне негізделді (1-диаграмма).

Brent сұрыпты мұнайдың әлемдік бағасы 2018 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 2019 жылғы 9 айда орташа алғанда бір баррель үшін 64,5 доллар болып, 10,8%-ға төмендеді (2018 жылғы 9 айда орташа алғанда бір баррель үшін 72,3 доллар). Төлем балансының жіктеуіші бойынша тауарлар экспорты 2018 жылғы 9 айдағы көрсеткішпен салыстырғанда 2,0%-ға төмендеп, 42,8 млрд доллар болды. Төлем балансының жіктеуіші бойынша тауарлар импорты 2018 жылғы 9 айдағы көрсеткіш деңгейінен 10,8%-ға ұлғайып, 27,8 млрд доллар болды.

Тауарлардың ресми экспорты 42,7 млрд доллар болды, бұл 2018 жылғы 9 айдағы көрсеткіштен 4,4%-ға аз. Мұнай және газ конденсаты экспортының құны (ресми экспорттан 58,3%) 2018 жылғы 9 айдағы көрсеткішпен салыстырғанда көбінесе келісімшарт бағалары төмендеуі есебінен 10,7%-ға қысқарды. Қара металл экспорты келісімшарт бағалары төмендеуі сияқты нақты жеткізулер көлемі азаюы есебінен де 17,2%-ға төмендеді. Түсті металдар экспорты келісімшарт бағалары төмендеген кезде нақты жеткізу көлемінің

1-диаграмма. Ағымдағы шоттың негізгі құрауыштары (млрд. АҚШ долл.)



ұлғаюы есебінен 3,9%-ға өсті. Астық экспорты 9,6%-ға өсті.

Тауарлардың ресми импорты 2018 жылғы 9 айдағы көрсеткішке қарағанда 12,3%-ға өсіп, 27,6 млрд долларды құрады. Импорт құны инвестициялық тауарлар бойынша (жалпы импорттан 41,6%) 30,7%-ға немесе 2,7 млрд долларға айтарлықтай өсті. Аралық тұтыну тауарларының импорты 0,9%-ға шамалы төмендеді. Тұтынушылық тауарлар импорты 5,6%-ға немесе 349,8 млн долларға өсті. Бұл ретте, азық-түлік тауарларын әкелу 0,5%-ға шамалы ұлғайды, ал азық-түлікке жатпайтын тауарларды әкелу 8,7%-ға немесе 337,5 млн долларға өсті.

Қазақстанның негізгі сауда әріптестерінің бірі Ресейден импорт 2018 жылғы 9 аймен салыстырғанда 9,7 млрд долларды құрап, 0,4%-ға қысқарды, Қытайдан импорт 4,5 млрд АҚШ долларына дейін 12,2%-ға ұлғайды. Жалпы импорттағы Ресейдің үлесі 39,5%-дан

35,0%-ға дейін төмендеді, Қытай үлесі 16,2%-ды құрап, 2018 жылғы 9 айдағы деңгейде сақталды.

Халықаралық қызметтер балансының дефициті 2018 жылғы 9 айдағы көрсеткішпен салыстырғанда 2,6 млрд долларға дейін 22,4%-ға төмендеді. Көрсетілетін қызметтер экспорты 5,9%-ға ұлғаюы кезінде көрсетілетін қызметтер импорты 4,7%-ға қысқарды. Халықаралық қызметтердің сыртқы сауда айналымы 0,6%-ға төмендеп, 14,2 млрд доллар болды.

Қызметтер экспорты 322,2 млн долларға ұлғайып, 5,8 млрд доллар болды. Қызметтер экспортының өсімі отандық әуе тасымалдағыштардың кірістері 14,7%-ға немесе 40,3 млн долларға, бейрезиденттердің жүктерін автожол көлігімен тасымалдауды жүзеге асыратын қазақстандық компаниялардың кірісі 15,9%-ға немесе 22,8 млн долларға, сондай-ақ бейрезиденттердің Қазақстанға сапарларына арналған шығыстары (қызмет экспортынан 33,1%) 9,3%-ға немесе 164,6 млн долларға 1,9 млрд долларға дейін ұлғаюымен қамтамасыз етілді. Отандық көлік компанияларының бейрезиденттерге республиканың аумағы арқылы мұнай және газ құбыр транзиті бойынша қызмет көрсетуі (қызмет экспортынан 27,1%) 9,5%-ға немесе 165,8 млн долларға төмендеп, 1,6 млрд доллар болды.

Халықаралық қызметтер импорты 414,6 млн долларға төмендеп, 8,4 млрд доллар болды. Қызметтер импортының төмендеуі резиденттердің консультациялық (33,7%-ға немесе 337,2 млн долларға), сәулет, инженерлік-техникалық (4,6%-ға немесе 97,0 млн долларға) және құрылыс қызметіне (67,7%-ға немесе 230,9 млн долларға) шығыстары азаюына негізделді. Бұл негізінен мұнайгаз саласындағы жобаларды, теміржол және автомагистраль құрылысын қосқанда Қазақстан аумағында бір қатар ірі ауқымды инфрақұрылымдық жобалар құрылысының негізгі учаскелерінің аяқталуына және бейрезиденттердің қатысуымен жеңіл рельсті көлік жолының

құрылысы тоқтап тұруына байланысты. Қызмет импортының төмендеуіне көбінесе өнеркәсіп және мұнайгаз жабдығының және теміржол көлігі вагондарының 30,7%-ға немесе 103,0 млн долларға жөндеу және техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтер қысқаруы да әсер етті. Бейрезиденттердің көлік қызметті бойынша кірістері резиденттердің жүктерін теміржол және автожол көлігімен тасымалдау бойынша қызмет көрсетуден түсімдер есебінен 16,6%-ға немесе 258,7 млн долларға ұлғайып, 1,8 млрд доллар болды. Қазақстандықтардың шетелге сапарларының шығыстары 1,8%-ға немесе 38,2 млн доллар өсіп, 2,2 млрд долларды құрады.

Бастапқы кірістер балансының дефициті көбінесе шетелдік тікелей инвесторлардың кірісі қысқаруы есебінен 2018 жылғы 9 айдағы көрсеткішпен салыстырғанда 3,9%-ға төмендеп, 17,0 млрд доллар болды, олардың жартысына жуығын шетелдік тікелей инвесторлар Қазақстандағы өздерінің еншілес кәсіпорындарын қаржыландыруға жұмсады.

Резиденттердің инвестициялық салымдардан кірістері 7,4%-ға төмендеп, 1,7 млрд долларды құрады. Аталған кірістердің басым бөлігі елдің ресми резервтерінен (Ұлттық қордың резервтік активтері мен шетелдік активтерінен) түскен кірістерге тиесілі, олар 0,9 млрд долларға дейін 8,1%-ға қысқарды.

Бейрезиденттерге төленетін инвестициялық кірістер 17,6 млрд долларға дейін 4,5%-ға төмендеді. Оның ішінде, бейрезиденттердің тікелей инвестициялардан түскен кірістері 2018 жылғы 9 айдағы 16,4 млрд доллардан 2019 жылғы 9 айдағы 15,8 млрд долларға дейін 3,6%-ға қысқарды. Олардың 76,4%-ын бөлінген кірістер мен дивидендтер түріндегі немесе қазақстандық кәсіпорындардың бөлінбеген пайдасындағы (немесе залалындағы) шетелдік тікелей инвесторлардың үлесі капиталға қатысудан түскен кірістер (қайта инвестициялау деп аталатын) құрайды. Тікелей инвестициялау қатынастарына

байланысты емес кредиторларға сыйақы төлеу 11,1%-ға төмендеп, 1,9 млрд доллар болды.

Қайталама кірістер балансының профициті 2018 жылғы 9 айдағы 574,1 млн доллармен салыстырғанда 287,4 млн доллар болды. Еуразиялық Экономикалық Одақ шеңберінде қайта бөлінген кедендік баждардың Қазақстанға нетто-түсімдері 11,2%-ға төмендеді.

Жеке тұлғалардың шетелге ақша аударымдары (жеке трансферттер) 6,9%-ға қысқарып, 760,5 млн доллар болды. Ресей Федерациясына және Қытайға аударымдар төмендеді. Бұл ретте Қырғызстан мен Түркияға аударымдар өсті. Жеке тұлғалардың шетелден аударымдары негізінен Ресей Федерациясынан түсімдердің қысқаруы

есебінен 15,0%-ға төмендеді. Бұл ретте Корея Республикасынан және АҚШ-тан түсімдер ұлғайды.

Қаржы шоты (Ұлттық Банктің резервтік активтерімен операцияларды қоспағанда)

Қаржы шоты бойынша таза әкету (резервтік активтерді қоспағанда) 2019 жылғы

9 айда 2,1 млрд долларды (2018 жылғы 9 айда таза әкету 1,8 млрд долларды) құрады. Резиденттер активтерінің ұлғаюы міндеттемелердің өсімінен айтарлықтай асып кетті (1-кесте), бұл қаржылық операциялар бойынша капиталдың таза әкетілуін немесе «басқа елдерді таза кредиттеуді» қамтамасыз етті.

1- кесте

Қаржы шотының балансы (резервтік активтерді қоспағанда)

"+" – активтердің/міндеттемелердің ұлғаюы; "-" – активтердің/міндеттемелердің төмендеуі

млн АҚШ доллары

	2017 9 ай	2018 9 ай	2019 9 ай
Қаржы шоты	-6012,6	1772,0	2118,3
<i>Қаржы активтерін таза сатып алу</i>	2215,7	-1738,8	4567,6
Тікелей инвестициялар	2203,3	-3640,0	-2063,5
Портфельдік инвестициялар	-5565,8	-1917,6	3125,4
Туынды қаржы құралдары	-29,0	71,6	-29,4
Басқа инвестициялар	5607,2	3747,2	3535,0
<i>Міндеттемелерді таза қабылдау</i>	8228,3	-3510,8	2449,3
Тікелей инвестициялар	5113,8	1480,1	2232,3
Портфельдік инвестициялар	2674,4	-4962,4	198,2
Туынды қаржы құралдары	-152,3	-38,0	23,2
Басқа инвестициялар	592,4	9,6	-4,5

Резиденттер экономикасы секторы бойынша 2019 жылғы 9 айда елімізден капиталдың таза әкетілуі Банктердің және Басқа секторлардың операцияларымен қамтамасыз етілді, Орталық банк және

Мемлекеттік басқару органдары секторы бойынша капиталдың таза әкелінуі немесе басқа елдер алдында қарызға алу орын алды. (2-кесте).

Экономика секторларына бөлінген қаржы шотының балансы

"±" - активтердің/міндеттемелердің ұлғаюы; "-" - активтердің/міндеттемелердің төмендеу

млн АҚШ доллары

	2017 9 ай	2018 9 ай	2019 9 ай
Қаржы шоты	-6012,6	1772,0	2118,3
<i>Орталық Банк</i>	-10,5	269,9	-84,9
Қаржы активтерін таза сатып алу	104,3	168,5	-212,6
Міндеттемелерді таза қабылдау	114,8	-101,4	-127,7
<i>Банктер</i>	970,3	290,4	2552,6
Қаржы активтерін таза сатып алу	-203,3	67,9	1647,8
<i>о.і. тікелей инвестициялау операциялары бойынша</i>	25,7	7,0	71,1
Міндеттемелерді таза қабылдау	-1173,6	-222,6	-904,8
<i>о.і. тікелей инвестициялау операциялары бойынша</i>	76,1	335,1	137,9
<i>Мемлекеттік басқару органдары</i>	-6625,9	-7,1	-1201,2
Қаржы активтерін таза сатып алу	-6684,4	-1243,1	-571,7
Міндеттемелерді таза қабылдау	-58,5	-1236,0	629,4
<i>Басқа секторлар</i>	-346,5	1218,8	851,7
Қаржы активтерін таза сатып алу	8999,0	-732,0	3704,1
<i>о.і. тікелей инвестициялау операциялары бойынша</i>	2074,5	-3798,7	-2350,8
Міндеттемелерді таза қабылдау	9345,5	-1950,8	2852,3
<i>о.і. тікелей инвестициялау операциялары бойынша</i>	5037,7	1144,9	2094,4

Қаржы шотының құрылымында инвестициялар түрлері бойынша капиталдың таза әкелінуі тікелей инвестициялар бойынша, ресурстардың нетто-әкетілуі портфельдік, өзге орта және ұзақ мерзімді және басқа қысқа мерзімді инвестициялар бойынша тіркелген (2-диаграмма).


Тікелей инвестициялар

Шетелдік тікелей инвестициялар (ШТИ) бойынша 2019 жылғы 9 айда капиталдың таза әкелінуі (теріс сальдо) 4,3 млрд долларды құрады (2018 жылғы 9 айда 5,1 млрд доллар) және активтердің қысқаруымен және резиденттер міндеттемелерінің өсуімен қамтамасыз етілді (3-кесте).

ШТИ операциялары бойынша қаржылық активтердің 2,1 млрд долларға таза төмендеуі резиденттердің шетелдік еншілес ұйымдардың капиталын алып қоюына байланысты.

ШТИ бойынша міндеттемелерді таза қабылдау 2,2 млрд долларды құрады. ШТИ бойынша Резиденттердің ШТИ бойынша міндеттемелерінің ұлғаюы бейрезиденттердің кірістерін қайта

2-диаграмма. Қаржы шотының құрылымы (млрд АҚШ доллары)



инвестициялаумен қамтамасыз етілді (тікелей инвесторлардың үлесіне тиесілі бөлінбеген пайда). Сонымен қатар, қазақстандық кәсіпорындардың шетелдік үлестес тұлғалар алдындағы борыштық міндеттемелерін өтеуі және төлем балансында капиталды алып қою ретінде сыныпталатын супердивидендтердің бейрезиденттерге елеулі төлемдері резиденттер міндеттемелерінің өсімін ішінара өтеді.

3- кесте

Тікелей инвестициялар балансы

("+" – активтердің/міндеттемелердің ұлғаюы; "-" – активтердің/міндеттемелердің төмендеуі)

млн АҚШ доллары

	2017 жылғы 9 ай	2018 жылғы 9 ай	2019 жылғы 9 ай
Тікелей инвестициялар (нетто)	-2910,5	-5120,0	-4295,7
Активтер/міндеттемелер қағидаты бойынша			
Қаржы активтерін таза сатып алу	2203,3	-3640,0	-2063,5
Кірістерді қайта инвестициялауды қоспағанда капиталға қатысу	1265,0	-697,9	-2310,1
Кірістерді қайта инвестициялау	72,4	60,1	50,0
Борыштық құралдар	866,0	-3002,2	196,6
Міндеттемелерді таза қабылдау	5113,8	1480,1	2232,3
Кірістерді қайта инвестициялауды қоспағанда капиталға қатысу	1258,4	-3180,6	-2002,5
Кірістерді қайта инвестициялау	3131,4	5694,0	6644,5
Борыштық құралдар	724,1	-1033,3	-2409,7
«Салымдар бағыты» қағидаты бойынша			
Шет елдегі тікелей инвестициялар (таза әкетілу)	1 444,1	-480,7	-2 309,2
Қазақстандағы тікелей инвестициялар (таза әкеліну)	4 354,6	4 639,3	1 986,6
Анықтама үшін:			
Шетелдік тікелей инвесторлардан Қазақстанға тікелей инвестициялардың жалпы әкелінуі	16 030,0	17 594,0	18 441,0
Қазақстандық тікелей инвесторлардан тікелей инвестициялардың шет елге жалпы әкетілуі	1 661,6	973,9	2 185,6

Қазақстанға шетелдік тікелей инвестициялардың (ШТИ) жалпы әкелінуі 2018 жылғы 9 айдағы көрсеткішке қарағанда 18,4 млрд долларға дейін 4,8%-ға өсті.

2019 жылғы 9 айдағы ШТИ-дың жалпы ағынының жартысынан астамын (51,4%) шикі мұнай мен табиғи газды өндіруге салынатын салымдардан тұрады, олар 2,2%-ға өсіп, 9,5 млрд доллар болды. Металлургия өнеркәсібіне шетелдік тікелей инвестициялар салымдары (ШТИ жалпы әкелінуінің 7,0%-ы) 1,3 млрд долларға дейін 42,8%-ға төмендеді, көтерме және бөлшек саудаға, автокөлік құралдарын жөндеуге (ШТИ жалпы әкелінуінің 11,9%-ы) 2,2 млрд долларға дейін 16,3%-ға төмендеді.

Елдер бойынша ШТИ-дің жалпы әкеліну құрылымында Нидерланд (ШТИ

жалпы түсімдерінен 31,5%) басым болып келеді, одан кейін АҚШ (22,7%), Швейцария (8,8%), Қытай (6,7%), Ресей Федерациясы (5,8%), Франция (4,3%), Бельгия (3,9%), Ұлыбритания (2,8%) тұр.

Портфельдік инвестициялар және туынды қаржы құралдары

Портфельдік инвестициялар бойынша таза әкетілуі көбінесе резиденттер активтерінің өсуі есебінен 2019 жылғы 9 айда 2,9 млрд АҚШ долларын құрады (2018 жылғы 9 айда 3,0 млрд АҚШ доллары) (4-кесте).

Портфельдік инвестициялар бойынша қаржы активтері Мемлекеттік басқару органдарының, банктердің және банктік емес сектордың портфеліндегі шетелдік бағалы қағаздарының ұлғаюы есебінен 3,1 млрд долларға өсті.

4- кесте

Экономика секторлары бөлігінде портфель инвестициялары бойынша операциялар

млн АҚШ доллары

	2017 жылғы 9 ай	2018 жылғы 9 ай	2019 жылғы 9 ай
Қаржы активтерін таза сатып алу	-5565,8	-1917,6	3125,4
<i>Орталық Банк</i>	0,0	0,0	0,0
<i>Банктер</i>	398,1	-171,6	225,5
Капиталға қатысу құралдары мен инвестициялық қорлардағы үлес	-0,3	0,0	0,0
Борыштық бағалы қағаздар	398,4	-171,6	225,5
<i>Мемлекеттік басқару органдары</i>	-6916,5	-2605,5	245,5
Капиталға қатысу құралдары мен инвестициялық қорлардағы үлес (10% -дан кем)	811,4	-82,5	-62,4
Борыштық бағалы қағаздар	-7727,9	-2523,0	308,0
<i>Басқа секторлар</i>	952,6	859,5	2654,4
Капиталға қатысу құралдары мен инвестициялық қорлардағы үлес (10% -дан кем)	262,7	-45,0	256,3
Борыштық бағалы қағаздар	689,9	904,4	2398,1
Міндеттемелерді таза қабылдау	2674,4	-4962,4	198,2
<i>Орталық Банк</i>	157,5	-88,5	-125,1
Борыштық бағалы қағаздар	157,5	-88,5	-125,1
<i>Банктер</i>	-1045,5	-98,5	-362,0
Капиталға қатысу құралдары мен инвестициялық қорлардағы үлес (10% -дан кем)	-15,1	-2,5	21,8
Борыштық бағалы қағаздар	-1030,4	-96,0	-383,8
<i>Мемлекеттік басқару органдары</i>	93,4	-1004,0	1311,4
Борыштық бағалы қағаздар	93,4	-1004,0	1311,4
<i>Басқа секторлар</i>	3469,1	-3771,4	-626,0
Капиталға қатысу құралдары мен инвестициялық қорлардағы үлес (10% -дан кем)	-24,7	-1821,9	140,5
Борыштық бағалы қағаздар	3493,7	-1949,5	-766,5
Портфель инвестицияларының балансы	-8240,2	3044,8	2927,2

Портфельдік инвестициялар бойынша міндеттемелердің ұлғаюы 198,2 млн долларды құрады, ол 2019 жылғы үшінші тоқсанда ҚР Қаржы министрлігінің 2019 жылғы 3-тоқсанда 1,15 млрд еуро көлеміндегі еурооблигацияларды шығаруына және «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың ғаламдық депозитарлық қолхаттардың қайталама нарығында сатылуына байланысты операциялардың нәтижесінде қалыптасты.

Туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша теріс сальдо 52,6 млн долларды (оң сальдо 2018 жылғы 9 айда 109,6 млн долларды) құрады. Туынды құралдармен операцияларды басым жағдайда шетел валютасымен экспорттық түсімдерді хеджирлейтін

Қазақстан банктері мен қаржылық емес ұйымдары жасады.

Басқа инвестициялар

Басқа инвестициялар бабы бойынша тіркелетін операциялар бойынша таза әкетілу (оң сальдо) активтердің өсуі нәтижесінде 3,5 млрд долларды құрады (2018 жылғы 9 айда 3,7 млрд доллар).

Басқа инвестициялар бабы бойынша қаржы активтері банктердің шетелдік шоттардағы қысқа мерзімді активтерінің өсуі, сондай-ақ банктік емес ұйымдардың дебиторлық берешегінің ұлғаюы және төлем балансында сыныпталмаған жеке тұлғалардың қолма-қол шетел валютасымен операциялары есебінен 3,5 млрд долларға ұлғайды (Ұлттық Банктің бағалауы) (5-кесте).

5- кесте

**Резиденттердің «Басқа инвестициялар» бабында көрсетілген
қаржы активтерін таза сатып алуы**

("+" - активтердің ұлғаюы, "-" - активтердің төмендеуі)

млн АҚШ доллары

	2017 9 ай	2018 9 ай	2019 9 ай
<i>Орталық Банк</i>	1,2	16,7	-428,8
Қолма-қол валюта және депозиттер	-43,8	9,0	53,8
Кредиттер мен қарыздар	45,0	7,7	-482,6
<i>Банктер</i>	-609,0	191,4	1369,2
Капиталға қатысудың басқа құралдары	0,0	0,1	0,0
Қолма-қол валюта және депозиттер	-764,1	458,4	1184,2
Кредиттер мен қарыздар	-25,4	-365,5	71,9
Басқа да талаптар	180,5	98,5	113,1
<i>Мемлекеттік басқару органдары</i>	244,4	1332,3	-817,3
Капиталға қатысудың басқа құралдары	35,6	29,5	29,4
Қолма-қол валюта және депозиттер	104,7	1313,7	-837,4
Кредиттер мен қарыздар	-6,3	-4,6	-4,7
Сауда кредиттері мен аванстар	110,4	-6,3	-4,7
Басқа да талаптар	0,0	0,0	0,0
<i>Басқа секторлар</i>	5970,6	2206,7	3411,8
Капиталға қатысудың басқа құралдары	3,2	2,3	0,5
Қолма-қол валюта және депозиттер	3652,7	-2467,1	-433,3
Кредиттер мен қарыздар	128,5	157,4	-103,6
Сауда кредиттері мен аванстар	60,8	1611,0	598,6
Басқа да талаптар	2125,3	2903,2	3349,7
Қаржылық активтерді таза сатып алу, барлығы	5607,2	3747,2	3535,0

Орта-ұзақ мерзімді инвестициялар бойынша міндеттемелер бұрын бейрезиденттерден алынған кредиттер мен қарыздарды Банктердің және Мемлекеттік басқару органдарының өтеуі есебінен 603,0 млн долларға (6-кесте) қысқарды.

Қысқамерзімді инвестициялар бойынша міндеттемелердің 597,8 млн долларға ұлғаюы банктік емес ұйымдардың кредиторлық берешегінің және банктердің бейрезиденттер алдындағы басқа да міндеттемелерінің өсуіне байланысты болды.

6- кесте

**Резиденттердің "Басқа инвестициялар" бабында көрсетілген міндеттемелерді
таза қабылдауы**

("+" - міндеттемелердің өсуі, "-" - міндеттемелердің төмендеуі)

млн АҚШ доллары

	2017 9 ай	2018 9 ай	2019 9 ай
Капиталға қатысудың басқа құралдары	1,8	-0,3	0,7
<i>Басқа секторлар</i>	1,8	-0,3	0,7
Орта және ұзақ мерзімді инвестициялар	-182,9	-1074,6	-603,0
<i>Орталық Банк</i>	-37,2	-10,0	0,0
Қолма-қол валюта мен депозиттер	-37,2	-10,0	0,0
<i>Банктер</i>	-259,4	-747,2	-698,1
Қолма-қол валюта мен депозиттер	23,7	-7,9	-85,7
Кредиттер мен қарыздар	-283,1	-739,3	-612,3
<i>Мемлекеттік басқару органдары</i>	-154,4	-237,4	-680,6
Кредиттер мен қарыздар	-153,2	-237,4	-680,6
Басқа да міндеттемелер	-1,1	0,0	0,0
<i>Басқа секторлар</i>	268,1	-80,0	775,6
Сақтандыру, зейнетақы бағдарламалары және стандартты кепілдік беру бағдарламалары	9,3	-9,4	27,0
Кредиттер мен қарыздар	384,2	-290,4	785,6
Сауда кредиттері мен аванстар	-94,0	219,3	-45,2
Басқа да міндеттемелер	-31,4	0,5	8,3

	2017 9 ай	2018 9 ай	2019 9 ай
Қысқа мерзімді инвестициялар	773,5	1084,5	597,8
<i>Орталық Банк</i>	-5,4	-2,9	-2,6
Қолма-қол валюта мен депозиттер	-3,6	-4,3	-2,4
Сауда кредиттері мен аванстар	-1,8	1,4	-0,2
<i>Банктер</i>	201,8	292,0	-8,8
Қолма-қол валюта мен депозиттер	145,7	139,9	-17,3
Кредиттер мен қарыздар	18,4	50,9	-58,9
Басқа да міндеттемелер	37,6	101,2	67,4
<i>Мемлекеттік басқару органдары</i>	2,5	5,4	-1,4
Сауда кредиттері мен аванстар	2,5	5,4	-1,4
<i>Басқа секторлар</i>	574,7	790,0	610,5
Кредиттер мен қарыздар	84,7	183,4	32,0
Сауда кредиттері мен аванстар	456,6	551,7	735,3
Басқа да міндеттемелер	33,4	54,9	-156,8
Міндеттемелерді таза қабылдау, барлығы	592,4	9,6	-4,5

Резервтік активтер

Төлем балансының операциялары бойынша резервтік активтер 5,6 млрд долларға төмендеді. Резервтік активтердің қысқаруы негізінен резиденттердің қаражатты Ұлттық Банктегі валюталық шоттардан алуымен және Ұлттық қордың теңгемен активтерді валюталық активтерге конвертациялауына байланысты. Осылайша, 2019 жылғы резервтік активтер 1 қазандағы жағдай бойынша 28,8 млрд АҚШ доллары деп бағаланды, ол тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің қазақстандық импортын 7,1 айға қаржыландыру қажеттілігін өтейді.

Қазақстан Республикасының төлем балансы: талдамалық ұсыным

(млн. АҚШ долл.)

	2017	2018	2018				2019 9 ай	2019		
			I	II	III	IV		I	II	III
Ағымдағы операциялардың шоты	-5 101,9	-288,9	-913,6	-556,0	-346,4	1 527,2	-4 262,1	1,6	-1 429,0	-2 834,6
Сауда балансы	16 727,8	25 532,0	6 082,7	6 201,0	6 273,0	6 975,3	14 968,7	6 305,4	5 309,5	3 353,8
Экспорт	47 301,0	59 778,7	13 657,8	14 679,8	15 356,0	16 085,1	42 817,7	13 339,0	15 262,6	14 216,1
Импорт	30 573,2	34 246,7	7 575,1	8 478,8	9 083,0	9 109,8	27 849,0	7 033,7	9 953,1	10 862,3
Қызмет балансы	-3 577,8	-4 673,9	-940,5	-1 041,3	-1 312,1	-1 380,1	-2 557,0	-891,7	-916,4	-748,9
Экспорт	6 504,9	7 304,3	1 591,2	1 895,1	2 010,0	1 808,1	5 818,5	1 644,2	1 885,4	2 288,8
Импорт	10 082,6	11 978,3	2 531,7	2 936,4	3 322,0	3 188,2	8 375,5	2 536,0	2 801,8	3 037,7
Бастапқы кірістер балансы	-18 148,5	-22 065,1	-6 180,4	-5 842,0	-5 630,6	-4 412,1	-16 961,2	-5 520,0	-5 896,5	-5 544,7
Еңбекақы төлеу (нетто)	-1 501,3	-1 583,9	-355,4	-395,7	-429,0	-403,8	-1 168,8	-368,4	-387,4	-413,1
Инвестициялық кірістер	-16 782,3	-20 616,2	-5 858,8	-5 480,0	-5 235,3	-4 042,1	-15 891,0	-5 184,7	-5 541,9	-5 164,4
Алынатын кірістер	2 309,4	2 478,0	586,7	634,0	648,2	609,1	1 731,1	497,1	674,4	559,5
Тікелей инвестициялардан кірістер	795,5	649,2	156,2	157,0	184,6	151,3	409,2	59,5	211,0	138,7
Портфельдік инвестициялардан кірістер	1 031,4	1 217,5	289,4	327,4	295,3	305,4	971,0	311,0	347,7	312,4
Басқа инвестициялардан кірістер	482,5	611,4	141,2	149,6	168,2	152,4	350,8	126,6	115,8	108,4
<i>о.ғ. резервтер мен Ұлттық қордың активтері бойынша сыйақы</i>	1 161,2	1 311,8	313,4	355,0	323,5	319,9	911,2	309,9	321,2	280,1
Төленетін кірістер	19 091,7	23 094,2	6 445,5	6 114,0	5 883,5	4 651,2	17 622,1	5 681,9	6 216,3	5 723,9
Тікелей инвестициялардан кірістер	16 532,0	20 438,1	5 764,2	5 389,8	5 205,1	4 079,0	15 769,8	5 065,1	5 574,8	5 129,9
Портфельдік инвестициялардан кірістер	1 198,5	1 181,8	302,4	376,0	279,5	223,9	771,9	248,8	303,8	219,3
Басқа инвестициялардан кірістер	1 361,2	1 474,3	379,0	348,2	398,9	348,3	1 080,4	367,9	337,7	374,7
Басқа бастапқы кірістер (нетто)	135,0	135,0	33,8	33,8	33,8	33,8	98,7	33,1	32,8	32,8
Қайталама кірістер балансы	-103,4	918,2	124,6	126,3	323,2	344,1	287,4	108,0	74,3	105,1
Капиталмен операциялар шотының балансы	346,8	203,4	69,9	117,7	29,9	-14,1	76,6	37,4	-0,3	39,4
Қаржылық шот (ҚҰБ резервтік активтерін алып тастағанда)	-5 478,4	2 631,7	1 000,8	393,8	377,4	859,7	2 118,3	3 550,6	1,8	-1 434,2
Тікелей инвестициялар	-3 756,1	-4 857,6	-3 546,1	-728,8	-845,1	262,4	-4 295,7	-3 047,6	-901,5	-346,6
Қаржылық активтерді таза алу	956,5	-4 643,8	-2 505,9	-860,4	-273,7	-1 003,8	-2 063,5	-594,6	-2 214,2	745,3
Міндеттемелерді таза қабылдау	4 712,6	213,8	1 040,2	-131,5	571,4	-1 266,3	2 232,3	2 453,0	-1 312,6	1 091,9
Портфельдік инвестициялар	-5 398,3	2 632,9	1 642,6	374,0	1 028,3	-412,0	2 927,2	3 286,0	936,1	-1 294,9
Қаржылық активтерді таза алу	-3 246,9	-997,7	124,8	-738,5	-1 303,9	919,9	3 125,4	2 631,4	465,0	29,0
ҚР Үкіметі және ҚР Ұлттық Банкі	-5 803,8	-854,3	-380,1	-20,4	-2 205,0	1 751,2	245,5	861,8	78,1	-694,4
Банктер	872,2	-91,9	-37,9	-125,4	-8,2	79,6	225,5	110,7	66,5	48,4
Басқа секторлар	1 684,7	-51,4	542,8	-592,6	909,3	-910,9	2 654,4	1 658,9	320,4	675,1
Міндеттемелерді таза қабылдау	2 151,4	-3 630,6	-1 517,8	-1 112,5	-2 332,2	1 331,9	198,2	-654,6	-471,1	1 323,9
ҚР Үкіметі және ҚР Ұлттық Банкі	-83,2	-73,5	273,4	-901,3	-464,6	1 019,0	1 186,3	260,8	-80,2	1 005,6
Банктер	-836,6	-164,5	-100,6	-11,7	13,7	-66,0	-362,0	-191,9	-61,7	-108,4
Басқа секторлар	3 071,2	-3 392,5	-1 690,7	-199,5	-1 881,3	378,9	-626,0	-723,6	-329,2	426,8
Туынды қаржы құралдары (нетто)	115,5	109,4	0,5	71,6	37,4	-0,2	-52,6	-38,6	-12,5	-1,6
Басқа инвестициялар	3 560,6	4 746,9	2 903,8	677,0	156,8	1 009,3	3 539,5	3 350,8	-20,2	208,9
Капиталға қатысушы басқа құралдар (нетто)	37,0	33,7	29,5	0,6	2,1	1,5	29,2	27,6	2,1	-0,5
Орта- және ұзақ мерзімді борыштық құралдар	-466,0	2 486,4	328,2	-16,1	905,8	1 268,6	706,1	626,3	63,3	16,5
Қаржылық активтерді таза алу	-419,4	-4,6	-54,3	-136,4	334,1	-148,0	103,1	-203,2	106,1	200,2
ҚР Үкіметі және ҚР Ұлттық Банкі	-33,6	-14,0	0,8	-1,9	-4,8	-8,1	-2,8	0,2	-1,6	-1,4
Банктер	-44,9	-44,2	-46,3	15,7	-5,0	-8,6	105,0	-1,5	-10,7	117,1
Басқа секторлар	-340,8	53,6	-8,7	-150,2	343,8	-131,3	0,9	-202,0	118,4	84,5
Міндеттемелерді таза қабылдау	46,6	-2 491,1	-382,5	-120,3	-571,7	-1 416,5	-603,0	-829,5	42,8	183,7
ҚР Үкіметі және ҚР Ұлттық Банкі	-177,1	-284,7	-99,7	-69,7	-78,0	-37,4	-680,6	-342,5	-34,7	-303,4
Банктер	-235,2	-645,7	-420,3	33,9	-360,7	101,5	-698,1	-470,5	-76,6	-151,0
Басқа секторлар	458,9	-1 560,7	137,5	-84,5	-133,0	-1 480,7	775,6	-16,6	154,1	638,1
Қысқа мерзімді борыштық құралдар	3 989,6	2 226,8	2 546,0	692,6	-751,1	-260,7	2 804,1	2 696,9	-85,7	192,9
Қаржылық активтерді таза алу	4 921,7	3 493,9	2 412,8	1 222,9	-63,8	-78,0	3 401,9	2 765,7	287,2	349,1
Міндеттемелерді таза қабылдау	932,1	1 267,2	-133,2	530,3	687,3	182,7	597,8	68,8	372,8	156,2
Қателер және қалып қойғандар	-2 088,9	1 190,9	950,8	742,6	803,7	-1 306,3	659,2	-955,5	527,7	1 087,0
Жалпы баланс	1 365,5	1 526,2	893,6	89,5	-109,7	652,8	5 644,7	4 467,2	903,4	274,1
Қаржыландыру	-1 365,5	-1 526,2	-893,6	-89,5	109,7	-652,8	-5 644,7	-4 467,2	-903,4	-274,1
ҚҰБ-нің резервтік активтері	-1 365,5	-1 526,2	-893,6	-89,5	109,7	-652,8	-5 644,7	-4 467,2	-903,4	-274,1
ХВҚ-тің кредиттері	0,0	0,0					0,0			
Айрықша қаржыландыру	0,0	0,0					0,0			

Қазақстан Республикасының төлем балансы: резиденттердің экономикалық секторлары бойынша

(млн.АҚШ доллары)

	2017	2018	2018				2019 9 ай	2019		
			I	II	III	IV		I	II	III
Ағымдағы операциялардың шоты	-5 101,9	-288,9	-913,6	-556,0	-346,4	1 527,2	-4 262,1	1,6	-1 429,0	-2 834,6
Сауда балансы	16 727,8	25 532,0	6 082,7	6 201,0	6 273,0	6 975,3	14 968,7	6 305,4	5 309,5	3 353,8
Экспорт	47 301,0	59 778,7	13 657,8	14 679,8	15 356,0	16 085,1	42 817,7	13 339,0	15 262,6	14 216,1
Импорт	30 573,2	34 246,7	7 575,1	8 478,8	9 083,0	9 109,8	27 849,0	7 033,7	9 953,1	10 862,3
Қызмет балансы	-3 577,8	-4 673,9	-940,5	-1 041,3	-1 312,1	-1 380,1	-2 557,0	-891,7	-916,4	-748,9
Экспорт	6 504,9	7 304,3	1 591,2	1 895,1	2 010,0	1 808,1	5 818,5	1 644,2	1 885,4	2 288,8
Импорт	10 082,6	11 978,3	2 531,7	2 936,4	3 322,0	3 188,2	8 375,5	2 536,0	2 801,8	3 037,7
Бастапқы кірістер балансы	-18 148,5	-22 065,1	-6 180,4	-5 842,0	-5 630,6	-4 412,1	-16 961,2	-5 520,0	-5 896,5	-5 544,7
Еңбекақы төлеу (нетто)	-1 501,3	-1 583,9	-355,4	-395,7	-429,0	-403,8	-1 168,8	-368,4	-387,4	-413,1
Инвестициялық кірістер	-16 782,3	-20 616,2	-5 858,8	-5 480,0	-5 235,3	-4 042,1	-15 891,0	-5 184,7	-5 541,9	-5 164,4
ҚР Үкіметі және ҚР Ұлттық Банкі	755,0	868,7	182,8	252,0	202,2	231,8	565,2	185,5	221,2	158,5
Алынатын кірістер	1 184,7	1 313,8	313,5	355,0	323,7	321,5	917,0	311,1	323,7	282,2
Төленетін кірістер	429,6	445,1	130,8	103,1	121,6	89,7	351,8	125,6	102,5	123,7
Банктер	-547,6	-579,6	-193,4	-173,1	-105,0	-108,2	-446,9	-105,2	-196,8	-144,9
Алынатын кірістер	122,7	165,8	24,5	37,0	58,5	45,7	110,5	25,5	36,7	48,2
Төленетін кірістер	670,3	745,4	217,9	210,1	163,5	153,9	557,4	130,7	233,5	193,1
Басқа секторлар	-16 989,8	-20 905,3	-5 848,2	-5 558,9	-5 332,4	-4 165,7	-16 009,4	-5 265,1	-5 566,3	-5 178,0
Алынатын кірістер	1 002,0	998,4	248,6	241,9	266,0	241,9	703,6	160,5	314,0	229,1
Төленетін кірістер	17 991,8	21 903,7	6 096,9	5 800,9	5 598,4	4 407,6	16 713,0	5 425,6	5 880,3	5 407,1
Басқа бастапқы кірістер (нетто)	135,0	135,0	33,8	33,8	33,8	33,8	98,7	33,1	32,8	32,8
Қайталама кірістер балансы	-103,4	918,2	124,6	126,3	323,2	344,1	287,4	108,0	74,3	105,1
Капиталмен операциялар шотының балансы	346,8	203,4	69,9	117,7	29,9	-14,1	76,6	37,4	-0,3	39,4
Қаржылық шот	-6 843,9	1 105,4	107,1	304,3	487,1	206,8	-3 526,4	-916,6	-901,6	-1 708,2
ҚР Үкіметі және ҚР Ұлттық Банкі	-7 126,8	833,5	-656,0	1 257,2	-1 211,9	1 444,2	-6 930,8	-2 986,7	-2 178,6	-1 765,5
Қаржылық активтерді таза алу	-7 389,5	477,9	-487,7	289,8	-1 750,2	2 426,0	-6 429,0	-3 068,8	-2 295,3	-1 065,0
Тікелей инвестициялар	112,3	203,1	42,7	17,7	91,4	51,4	216,2	120,5	38,1	57,6
Портфельдік инвестициялар	-5 803,8	-854,3	-380,1	-20,4	-2 205,0	1 751,2	245,5	861,8	78,1	-694,4
Туынды қаржы құралдары	-12,8	30,1	0,0	30,1	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Басқа инвестициялар	-319,6	2 625,3	743,3	352,0	253,7	1 276,2	-1 246,1	416,0	-1 508,1	-154,0
ҚҰБ-нің резервтік активтері	-1 365,5	-1 526,2	-893,6	-89,5	109,7	-652,8	-5 644,7	-4 467,2	-903,4	-274,1
Міндеттемелерді таза қабылдау	-262,6	-355,6	168,3	-967,4	-538,3	981,8	501,7	-82,1	-116,7	700,6
Портфельдік инвестициялар	-83,2	-73,5	273,4	-901,3	-464,6	1 019,0	1 186,3	260,8	-80,2	1 005,6
Туынды қаржы құралдары	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Басқа инвестициялар	-179,4	-282,1	-105,1	-66,1	-73,7	-37,2	-684,5	-343,0	-36,6	-305,0
Банктер	1 017,7	-456,9	535,5	-905,6	660,5	-747,3	2 552,6	1 346,3	614,2	592,1
Қаржылық активтерді таза алу	49,9	-487,8	235,8	-634,4	466,5	-555,7	1 647,8	984,4	498,7	164,7
Тікелей инвестициялар	37,9	42,4	-1,9	1,2	7,7	35,4	71,1	1,4	16,2	53,4
Портфельдік инвестициялар	872,2	-91,9	-37,9	-125,4	-8,2	79,6	225,5	110,7	66,5	48,4
Туынды қаржы құралдары	-20,6	66,5	57,9	-33,7	16,8	25,5	-18,0	-21,0	8,7	-5,7
Басқа инвестициялар	-839,6	-504,8	217,7	-476,5	450,2	-696,2	1 369,2	893,3	407,3	68,6
Міндеттемелерді таза қабылдау	-967,8	-30,9	-299,7	271,1	-194,0	191,6	-904,8	-361,9	-115,5	-427,4
Тікелей инвестициялар	109,3	393,6	141,1	149,3	44,7	58,5	137,9	44,4	26,9	66,6
Портфельдік инвестициялар	-836,6	-164,5	-100,6	-11,7	13,7	-66,0	-362,0	-191,9	-61,7	-108,4
Туынды қаржы құралдары	-137,4	23,1	74,4	-68,9	-9,5	27,1	26,1	16,8	19,4	-10,1
Басқа инвестициялар	-103,1	-283,1	-414,7	202,4	-242,8	172,1	-706,8	-231,2	-100,1	-375,5
Басқа секторлар	-734,8	728,8	227,6	-47,4	1 038,5	-490,0	851,7	723,8	662,8	-534,8
Қаржылық активтерді таза алу	8 193,1	-3 536,3	-576,5	-260,0	104,5	-2 804,3	3 704,1	2 221,2	-454,3	1 937,2
Тікелей инвестициялар	806,3	-4 889,3	-2 546,6	-879,3	-372,8	-1 090,6	-2 350,8	-716,5	-2 268,5	634,2
Портфельдік инвестициялар	1 684,7	-51,4	542,8	-592,6	909,3	-910,9	2 654,4	1 658,9	320,4	675,1
Туынды қаржы құралдары	1,8	-0,3	-0,1	0,5	0,1	-0,9	-11,4	-1,8	-2,7	-6,9
Басқа инвестициялар	5 700,3	1 404,8	1 427,4	1 211,4	-432,0	-801,9	3 411,8	1 280,7	1 496,5	634,7
Міндеттемелерді таза қабылдау	8 927,8	-4 265,1	-804,1	-212,7	-934,0	-2 314,3	2 852,3	1 497,5	-1 117,1	2 472,0
Тікелей инвестициялар	4 603,4	-179,8	899,1	-280,9	526,7	-1 324,7	2 094,4	2 408,7	-1 339,5	1 025,3
Портфельдік инвестициялар	3 071,2	-3 392,5	-1 690,7	-199,5	-1 881,3	378,9	-626,0	-723,6	-329,2	426,8
Туынды қаржы құралдары	-9,8	-36,3	-17,1	-5,8	-11,0	-2,3	-2,9	-1,0	-1,0	-0,9
Басқа инвестициялар	1 263,1	-656,5	4,5	273,5	431,7	-1 366,1	1 386,8	-186,6	552,6	1 020,9
Қателер және қалып қойғандар	-2 088,9	1 190,9	950,8	742,6	803,7	-1 306,3	659,2	-955,5	527,7	1 087,0

Қазақстан Республикасының төлем балансы: стандарттық ұсыным, негізгі баптар

(млн.АҚШ доллары)

	2017	2018	2018				2019 9 ай	2019		
			I	II	III	IV		I	II	III
Ағымдағы операциялардың шоты	-5 101,9	-288,9	-913,6	-556,0	-346,4	1 527,2	-4 262,1	1,6	-1 429,0	-2 834,6
Тауарлар	16 727,8	25 532,0	6 082,7	6 201,0	6 273,0	6 975,3	14 968,7	6 305,4	5 309,5	3 353,8
Кредит (Экспорт)	47 301,0	59 778,7	13 657,8	14 679,8	15 356,0	16 085,1	42 817,7	13 339,0	15 262,6	14 216,1
Дебет (Импорт)	30 573,2	34 246,7	7 575,1	8 478,8	9 083,0	9 109,8	27 849,0	7 033,7	9 953,1	10 862,3
Қызметтер	-3 577,8	-4 673,9	-940,5	-1 041,3	-1 312,1	-1 380,1	-2 557,0	-891,7	-916,4	-748,9
Кредит (Экспорт)	6 504,9	7 304,3	1 591,2	1 895,1	2 010,0	1 808,1	5 818,5	1 644,2	1 885,4	2 288,8
Дебет (Импорт)	10 082,6	11 978,3	2 531,7	2 936,4	3 322,0	3 188,2	8 375,5	2 536,0	2 801,8	3 037,7
Бастапқы кірістер	-18 148,5	-22 065,1	-6 180,4	-5 842,0	-5 630,6	-4 412,1	-16 961,2	-5 520,0	-5 896,5	-5 544,7
Кредит (алуға)	2 448,3	2 616,9	621,4	668,8	682,9	643,8	1 832,7	531,1	708,2	593,3
Дебет (төлеуге)	20 596,9	24 682,0	6 801,9	6 510,7	6 313,5	5 056,0	18 793,8	6 051,2	6 604,7	6 138,0
Қайталама кірістер	-103,4	918,2	124,6	126,3	323,2	344,1	287,4	108,0	74,3	105,1
Кредит (алуға)	2 088,6	2 965,5	561,0	715,5	820,3	868,6	1 728,8	516,6	599,3	612,8
Дебет (төлеуге)	2 191,9	2 047,3	436,4	589,2	497,1	524,6	1 441,4	408,6	525,0	507,7
Капиталмен операциялар шоты	346,8	203,4	69,9	117,7	29,9	-14,1	76,6	37,4	-0,3	39,4
Кредит (алуға)	351,3	279,8	70,3	128,7	31,0	49,8	98,6	38,2	13,2	47,2
Дебет (төлеуге)	4,4	76,4	0,4	11,0	1,1	63,8	22,1	0,8	13,5	7,8
Қаржылық шот	-6 843,9	1 105,4	107,1	304,3	487,1	206,8	-3 526,4	-916,6	-901,6	-1 708,2
Тікелей инвестициялар	-3 756,1	-4 857,6	-3 546,1	-728,8	-845,1	262,4	-4 295,7	-3 047,6	-901,5	-346,6
Қаржылық активтерді таза алу	956,5	-4 643,8	-2 505,9	-860,4	-273,7	-1 003,8	-2 063,5	-594,6	-2 214,2	745,3
Міндеттемелерді таза қабылдау	4 712,6	213,8	1 040,2	-131,5	571,4	-1 266,3	2 232,3	2 453,0	-1 312,6	1 091,9
Портфельдік инвестициялар	-5 398,3	2 632,9	1 642,6	374,0	1 028,3	-412,0	2 927,2	3 286,0	936,1	-1 294,9
Қаржылық активтерді таза алу	-3 246,9	-997,7	124,8	-738,5	-1 303,9	919,9	3 125,4	2 631,4	465,0	29,0
Міндеттемелерді таза қабылдау	2 151,4	-3 630,6	-1 517,8	-1 112,5	-2 332,2	1 331,9	198,2	-654,6	-471,1	1 323,9
Туынды қаржы құралдары (резервтерден басқа) және қызметкерлер үшін акциядағы опциондар	115,5	109,4	0,5	71,6	37,4	-0,2	-52,6	-38,6	-12,5	-1,6
Қаржылық активтерді таза алу	-31,7	96,2	57,9	-3,1	16,9	24,6	-29,4	-22,8	6,0	-12,6
Міндеттемелерді таза қабылдау	-147,2	-13,2	57,4	-74,7	-20,6	24,8	23,2	15,7	18,5	-11,0
Басқа инвестициялар	3 560,6	4 746,9	2 903,8	677,0	156,8	1 009,3	3 539,5	3 350,8	-20,2	208,9
Қаржылық активтерді таза алу	4 541,1	3 525,3	2 388,5	1 086,8	271,9	-221,9	3 535,0	2 590,1	395,7	549,3
Міндеттемелерді таза қабылдау	980,6	-1 221,6	-515,3	409,8	115,1	-1 231,2	-4,5	-760,7	415,9	340,4
Резервтік активтер	-1 365,5	-1 526,2	-893,6	-89,5	109,7	-652,8	-5 644,7	-4 467,2	-903,4	-274,1
Таза қателер және қалып қойғандар	-2 088,9	1 190,9	950,8	742,6	803,7	-1 306,3	659,2	-955,5	527,7	1 087,0

Қазақстан Республикасының төлем балансы: стандарттық ұсыным

(млн.АҚШ доллары)

	2017	2018	2018				2019 9 ай	2019		
			I	II	III	IV		I	II	III
Ағымдағы операциялардың шоты	-5 101,9	-288,9	-913,6	-556,0	-346,4	1 527,2	-4 262,1	1,6	-1 429,0	-2 834,6
Тауарлар	16 727,8	25 532,0	6 082,7	6 201,0	6 273,0	6 975,3	14 968,7	6 305,4	5 309,5	3 353,8
Кредит (Экспорт)	47 301,0	59 778,7	13 657,8	14 679,8	15 356,0	16 085,1	42 817,7	13 339,0	15 262,6	14 216,1
Төлем балансы әдіснамасы бойынша негізгі тауарлар	47 259,5	59 748,0	13 652,9	14 678,5	15 349,2	16 067,3	42 759,3	13 328,6	15 256,5	14 174,1
ресми статистика	48 503,3	61 111,2	13 981,4	15 060,9	15 644,4	16 424,4	42 726,3	13 338,8	15 252,5	14 134,9
түзетулер	-1 243,7	-1 363,3	-328,5	-382,4	-295,2	-357,2	33,0	-10,2	4,0	39,2
Шетелдегі тауарларды қайта сату шеңберіндегі тауарлардың таза экспорты	41,5	21,1	1,5	-1,1	5,6	15,1	54,2	9,4	3,8	41,0
Монетарлық емес алтын	0,0	9,6	3,3	2,4	1,2	2,7	4,2	1,0	2,3	0,9
Дебет (Импорт)	30 573,2	34 246,7	7 575,1	8 478,8	9 083,0	9 109,8	27 849,0	7 033,7	9 953,1	10 862,3
Төлем балансы әдіснамасы бойынша негізгі тауарлар	30 544,0	34 238,0	7 575,1	8 478,8	9 083,0	9 101,1	27 681,8	7 008,3	9 898,2	10 775,3
ресми статистика	29 599,6	33 658,5	7 459,4	8 351,4	8 801,5	9 046,2	27 639,4	6 965,0	9 934,3	10 740,2
түзетулер	944,3	579,4	115,6	127,4	281,5	54,9	42,4	43,4	-36,1	35,1
Монетарлық емес алтын	29,2	8,7	0,0	0,0	0,0	8,7	167,2	25,3	54,9	87,0
Қызметтер	-3 577,8	-4 673,9	-940,5	-1 041,3	-1 312,1	-1 380,1	-2 557,0	-891,7	-916,4	-748,9
Кредит (Экспорт)	6 504,9	7 304,3	1 591,2	1 895,1	2 010,0	1 808,1	5 818,5	1 644,2	1 885,4	2 288,8
Басқа жаққа тиесілі тауарларды қайта өңдеу бойынша қызметтер	8,7	28,9	3,9	8,6	4,0	12,5	55,5	29,1	21,1	5,3
Басқа санаттарға жатқызылмаған жөндеу және техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтер	61,4	72,7	11,9	20,8	16,4	23,7	87,1	17,2	17,2	52,7
Көлік қызметтері	3 458,4	3 996,9	908,6	1 023,6	1 049,5	1 015,3	2 919,9	941,9	979,2	998,8
Жолаушы тасымалдау	220,5	396,1	60,0	122,8	120,3	93,0	341,9	98,3	115,5	128,1
Жүк тасу	2 932,2	3 222,1	764,5	802,2	832,6	822,7	2 289,3	749,8	773,0	766,5
Өзгелері	295,8	369,6	82,5	95,0	94,3	97,8	279,0	88,7	88,6	101,7
Пошта қызметтері және курьерлік байланыс қызметтері	9,8	9,1	1,6	3,6	2,2	1,7	9,6	5,1	2,1	2,4
Жол жүру	2 135,4	2 254,6	451,0	609,0	701,9	492,7	1 926,4	424,3	577,1	925,0
Құрылыс	7,5	22,5	0,4	7,4	7,3	7,4	43,0	11,6	15,5	15,9
Сақтандыру және зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы қызметтер	84,2	77,9	19,2	22,3	25,1	11,3	73,3	20,5	18,6	34,2
Қаржылық қызметтер	19,7	15,2	4,0	4,5	3,8	2,9	53,5	5,6	20,3	27,5
Басқа санаттарға жатқызылмаған зияткерлік меншікті пайдалану үшін төленетін ақы	0,7	0,9	0,1	0,0	0,8	0,0	1,8	0,2	1,0	0,6
Телекоммуникациялық, компьютерлік және ақпараттық қызметтер	116,1	122,5	26,6	32,8	28,6	34,5	92,1	25,3	33,1	33,6
Басқа да іскерлік қызметтер	368,7	461,9	113,3	108,2	114,2	126,2	365,4	112,4	133,7	119,3
Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар	5,7	5,5	0,6	0,8	2,6	1,4	4,4	1,5	1,2	1,7
Кәсіптік қызметтер және басқару саласындағы консультациялық қызметтер	109,5	118,0	27,7	29,0	25,5	35,8	100,2	24,5	35,5	40,2
Техникалық, саудамен байланысты және өзге де іскерлік қызметтер	253,5	338,4	84,9	78,4	86,1	89,0	260,7	86,4	97,0	77,3
Жеке тұлғаларға көрсетілетін қызметтер және мәдениет пен демалыс саласындағы қызметтер	0,4	0,9	0,2	0,1	0,2	0,4	2,3	1,0	0,5	0,9
Басқа санаттарға жатқызылмаған мемлекеттік тауарлар мен қызметтер	243,6	249,4	52,0	57,8	58,3	81,3	198,1	55,2	68,0	75,0
Дебет (Импорт)	10 082,6	11 978,3	2 531,7	2 936,4	3 322,0	3 188,2	8 375,5	2 536,0	2 801,8	3 037,7
Басқа жаққа тиесілі тауарларды қайта өңдеу бойынша қызметтер	160,6	188,0	54,7	52,4	38,9	41,9	140,0	49,6	44,5	45,8
Басқа санаттарға жатқызылмаған жөндеу және техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтер	342,1	471,3	88,6	117,5	129,6	135,5	232,8	79,5	79,3	74,0
Көлік қызметтері	1 735,4	2 112,5	469,2	530,4	557,2	555,8	1 815,5	478,2	650,2	687,1
Жолаушы тасымалдау	134,8	165,3	33,6	44,1	46,7	40,9	115,0	37,9	35,8	41,3
Жүк тасу	1 336,8	1 552,5	342,5	378,4	407,1	424,6	1 349,7	323,6	488,5	537,6
Өзгелері	253,2	384,3	90,2	105,5	101,1	87,5	343,5	114,2	124,1	105,2
Пошта қызметтері және курьерлік байланыс қызметтері	10,5	10,4	2,9	2,4	2,3	2,7	7,3	2,4	1,9	3,0
Жол жүру	2 559,8	2 686,9	574,2	684,6	854,1	574,0	2 151,1	569,5	684,6	897,0
Құрылыс	318,9	444,4	3,7	195,5	141,9	103,4	110,2	18,1	58,2	34,0
Сақтандыру және зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы қызметтер	44,5	43,6	12,9	13,6	7,5	9,5	28,0	10,1	10,6	7,3
Қаржылық қызметтер	225,6	246,1	60,0	77,0	54,3	54,8	172,0	60,4	65,6	45,9
Басқа санаттарға жатқызылмаған зияткерлік меншікті пайдалану үшін төленетін ақы	117,1	167,7	31,9	35,4	50,9	49,5	91,9	26,3	30,6	35,1
Телекоммуникациялық, компьютерлік және ақпараттық қызметтер	294,8	398,9	83,1	92,0	109,4	114,4	275,6	99,6	77,3	98,8
Басқа да іскерлік қызметтер	4 009,0	5 035,1	1 119,5	1 097,5	1 332,2	1 485,9	3 237,2	1 110,2	1 059,5	1 067,5
Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар	10,1	12,0	1,7	2,3	2,7	5,3	8,1	1,7	3,2	3,3
Кәсіптік қызметтер және басқару саласындағы консультациялық қызметтер	841,3	1 518,7	343,1	339,3	415,6	420,8	763,8	319,9	256,6	187,3
Техникалық, саудамен байланысты және өзге де іскерлік қызметтер	3 157,6	3 504,3	774,7	755,9	913,9	1 059,8	2 465,3	788,6	799,7	876,9
Жеке тұлғаларға көрсетілетін қызметтер және мәдениет пен демалыс саласындағы қызметтер	141,3	52,0	10,3	12,6	14,9	14,2	35,7	12,5	9,3	13,9
Басқа санаттарға жатқызылмаған мемлекеттік тауарлар мен қызметтер	133,6	131,8	23,5	27,9	31,1	49,3	85,5	22,0	32,3	31,2
Бастапқы кірістер	-18 148,5	-22 065,1	-6 180,4	-5 842,0	-5 630,6	-4 412,1	-16 961,2	-5 520,0	-5 896,5	-5 544,7

	2017	2018	2018				2019 9 ай	2019		
			I	II	III	IV		I	II	III
Кредит (алуға)	2 448,3	2 616,9	621,4	668,8	682,9	643,8	1 832,7	531,1	708,2	593,3
Қызметкерлерге еңбекақы төлеу	3,9	3,9	1,0	1,0	1,0	1,0	2,9	1,0	1,0	1,0
Инвестициялық кірістер	2 309,4	2 478,0	586,7	634,0	648,2	609,1	1 731,1	497,1	674,4	559,5
Тікелей инвестициялар	795,5	649,2	156,2	157,0	184,6	151,3	409,2	59,5	211,0	138,7
Капиталға қатысушы құралдардан және инвестициялық қорлардың пай/акцияларынан кірістер	266,0	357,5	54,2	78,3	121,7	103,3	274,3	13,6	167,9	92,8
Дивидендтер және бөлінген пайда	172,4	310,2	34,0	55,8	104,3	116,1	224,3	6,5	141,3	76,5
Қазақстандық тікелей инвесторлардың шетелдік тікелей инвестициялау кәсіпорындарының капиталына қатысуы	172,4	306,6	34,0	55,8	102,9	113,8	222,8	6,5	141,3	74,9
Қазақстандық тікелей инвестициялау кәсіпорындарының шетелдік тікелей инвесторлардың капиталына қатысуы (кері инвестициялау)	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Қазақстандық кәсіпорындардың шетелдік тел кәсіпорындардың капиталына қатысуы	0,0	3,6	0,0	0,0	1,4	2,3	1,5	0,0	0,0	1,5
Қайта инвестицияланған кірістер	93,6	47,3	20,2	22,5	17,4	-12,8	50,0	7,0	26,6	16,3
Сыйақы (пайыздар)	529,5	291,7	102,0	78,7	62,9	48,1	134,9	45,9	43,1	45,9
Қазақстандық тікелей инвесторлардың шетелдік тікелей инвестициялау кәсіпорындарына қойған талаптары	12,4	14,3	3,9	3,7	3,6	3,0	9,5	3,1	3,1	3,3
Қазақстандық тікелей инвестициялау кәсіпорындарының шетелдік тікелей инвесторларға қойған талаптары (кері инвестициялау)	450,3	211,2	74,9	56,9	43,2	36,2	111,8	37,9	35,7	38,2
Қазақстандық кәсіпорындардың шетелдік тел кәсіпорындарға қойған талаптары	66,7	66,2	23,2	18,1	16,1	8,8	13,7	4,9	4,3	4,5
Анықтама үшін: ЖӨҚДҚ төлеуге дейінгі сыйақы (пайыздар)	529,5	291,7	102,0	78,7	62,9	48,1	134,9	45,9	43,1	45,9
Портфельдік инвестициялар	1 031,4	1 217,5	289,4	327,4	295,3	305,4	971,0	311,0	347,7	312,4
Капиталға қатысушы құралдардан және инвестициялық қорлардың пай/акцияларынан инвестициялық кірістер	259,8	291,0	64,2	97,2	66,8	62,9	242,6	74,6	97,1	70,9
